

Мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ақпаратының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жауапты хатшысының 2018 жылғы 26 қазандағы № 464 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары А.Жұмағалиевте 2018 жылғы 6 қыркүйекте өткен цифрландырудың жекелеген мәселелері бойынша кеңестің № 01-19/05-2073 хаттамасының 1.2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (одан әрі - Министрлік) ақпаратының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қызметкерлері жауапты болып айқындалған Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары ақпаратты уақтылы орналастыруды және Мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылған деректерді актуалдандыруды қамтамасыз етсін.

2-1. Ақпараттың уақтылы орналастырылуын бақылау Әкімшілік жұмыс департаментіне бекітілсін (Жабатаева А.А.).

Ескерту 2-1. Ақпараттың уақтылы орналастырылуын бақылау Әкімшілік жұмыс департаментіне бекітілсін (Жабатаева А.А.).

Ескерту. Бұйрық 2-1 тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жауапты хатшысының 19.11.2018 № 500 бұйрығымен.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Жауапты хатшы

А. Құрманғалиева

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі жауапты
хатшысының
2018 жылғы 26 қазандағы
№ 464 бұйрығына
қосымша

Мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ақпаратының тізбесі

Ескерту. Тізбеге толықтыру енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 19.11.2018 № 500 бұйрығымен.

Ақпараттың	Орналастырылатын	Орналастыру	Орындау	Жауапты
------------	------------------	-------------	---------	---------

№	атауы	орны	нысаны		мерзімі	адам	Ескертпе		
1	2	3	4		5	6	7		
			Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті						
1	Жалақы берешегі бойынша өңірлер бөлінісіндегі ақпарат			Инtranет-портал	Ақпарат		Апта сайын, әр жұмада	Мурзалина В.С.	Прө 201 сәу өкіл
2	Республика кәсіпорындарындағы жұмыстан босатылған және қысқартылу қаупі бар адамдар туралы өңірлер бөлінісіндегі ақпарат			Инtranет-портал	Ақпарат		Апта сайын, әр жұмада	Мурзалина В.С.	Прө 201 сәу өкіл
			К а д р қызметі басқармасы						
3	Орталық атқарушы органдардағы бос орындар туралы деректер			Инtranет-портал	Ақпарат		Ай сайын, әр айдың 10-күніне қарай	Жүнісова Б.А.	Прө 201 сәу өкіл
4	Мемлекеттік қызметкерлердің мониторингі			Инtranет-портал	Есеп		Токсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне қарай	Неталина А.Е.	Ме істе жем іс-к 201 қар 12/
			Қаржы департаменті						
5	Республикалық бюджет қаражаты есебінен зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу, зейнетақылар мен жәрдемақыларды алушылардың саны және оларды төлеу туралы ақпарат (облыстар бөлінісінде)		Инtranет-портал	Ақпарат		Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай	Қаликенова Б.С.	Прө 201 сәу өкіл	
			Халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті						
6	Еңбек нарығындағы жағдай туралы ақпарат		Инtranет-портал	Ақпарат		Токсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күніне қарай	Бежкенов Е.С.	Прө 201 сәу өкіл	
			Әкімшілік						

		жұмыс департаменті						
7		Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен олардың орынбасарларының азаматтарды қабылдау кестесі	Инtranет-портал , Министрлік сайты	Кесте		Тоқсан сайын, кезекті тоқсан басталғаннан 15 күн бұрын	Чикеева С.К.	Пр 201 сәу өкі
8		Орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшылары мен олардың орынбасарларының қорытылған деректердің қосымшасымен бірге жеке тұлғаларды қабылдау нәтижелері туралы ақпарат (азаматтардың өтініштерін талдау түрінде)	Инtranет-портал	Кесте, талдамдық анықтама		Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне қарай	Чикеева С.К.	Пр 201 сәу өкі
9		Апта күндерін бөле отырып, мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен олардың орынбасарлары өткізген кеңестердің саны туралы статистикалық деректер	Инtranет-портал	Ақпарат		Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне қарай	Шкатов Ж.И.	Пр 201 сәу өкі
9.1		Министрлік жанынан құрылған консультативтік-кеңестік органдардың: 1) Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның; 2) Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің; 3) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның өткізілген жиналыстары мен отырыстары бойынша ақпарат	Инtranет-портал	Кесте		апта сайын жұма күндері сағат 17-00-ге дейін, ПМК-ның 2018 жылғы 16 қарашадағы №01-19/03-442 тапсырмасында көрсетілген басты белгілер бойынша	Шкатов Ж. Ы. (жинақтау) 74-31-29 Мұғиынов М. Р. 74-35-11 Иманғали Ғ. А. 74-33-39 Қапан Р.А. 74-35-25	Пр 201 қар өкі тар тар
10		Құжат айналымының жалпы көлемі туралы статистикалық деректер (кіріс және шығыс, оның ішінде электрондық түрдегі) қоса берілген құжат айналымын азайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпарат	Инtranет-портал	Кесте, талдамдық анықтама		Жарты жыл сайын, есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 10 күніне қарай	Чикеева С.К.	Пр 201 сәу өкі
11		Орталық мемлекеттік органдардың (Комитеттерді есепке алғанда) және	Инtranет-портал	Кесте		3 айға-а.ж. 10 сәуіріне дейін; 6 айға - а.ж. 5 шілдеге дейін; 9 айға - а.ж. 5 қазанға дейін; 11 айға-а.ж. 5	Чикеева С.К.	Пр Ке

	жергілікті атқарушы органдардың электрондық құжат айналымға пайдалануы жөніндегі есеп				желтоқсанға дейін; жыл үшін - келесі жылғы 10 қаңтарға дейін		жы. 01- тап
12	Мемлекеттік органдардағы жалпы және электрондық құжат айналымының көлемі туралы, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі хат-хабар туралы есеп	Инtranет-портал	Кесте		Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне қарай	Чикеева С.К.	Пр Әкі жы мау -43